

"А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын арнайы біліктілік талаптарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 151 Жарлығы.

Ескерту. Жарлықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 18.01.2021 № 495 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қоса беріліп отырған "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын арнайы біліктілік талаптары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 18.01.2021 № 495 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

2. Осы Жарлықта қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы Жарлық 2016 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Президенті

H. Назарбаев

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2015 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 151 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

"А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын арнайы біліктілік талаптары

1-тaraу. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 18.01.2021 № 495 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

1. "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын осы арнайы біліктілік талаптары (бұдан әрі – Арнайы біліктілік талаптары) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға үміткер азаматтарға қойылады.

2. Арнаулы біліктілік талаптары:

1) білімі бойынша талаптарды;

- 2) жұмыс өтілі бойынша талаптарды;
- 3) кәсіптік білімі, стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды білуі бойынша талаптарды;
- 4) құзыреттер бойынша талаптарды қамтиды.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 31.07.2024 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 150 Жарлығымен бекітілген Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізіліміне сәйкес "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдары мынадай санаттарға бөлінеді:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы, Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы, Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі, Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі, Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі, Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі аппараттарының басшылары, орталық атқарушы органдар аппараттарының басшылары, Адам құқықтары жөніндегі үлттық орталықтың басшысы;

2) орталық атқарушы органдар комитеттерінің төрағалары, Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі аппараты басшысының, Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Үлттық статистика бюросы басшысының орынбасарлары.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 05.06.2023 № 239 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 13.06.2024 № 570 (01.07.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 28.04.2025 № 861 (Қазақстан Республикасының тиісті заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізуіндегі көздейтін Қазақстан Республикасының заңдары қолданысқа енгізілген күннен бастап қолданысқа енгізілетін Агенттіктің атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және уранды барлау жөніндегі операцияларды реттеу бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша функцияларды жүзеге асыруы жөніндегі нормалар мен ережелерді қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлықтарымен.

4. Алып тасталды - ҚР Президентінің 05.04.2017 № 456 Жарлығымен (қол қойылған күнінен бастап бір ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5. Алып тасталды - ҚР Президентінің 05.04.2017 № 456 Жарлығымен (қол қойылған күнінен бастап бір ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6. Алып тасталды - ҚР Президентінің 05.04.2017 № 456 Жарлығымен (қол қойылған

күнінен бастап бір ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7. Алып тасталды - ҚР Президентінің 05.04.2017 № 456 Жарлығымен (қол қойылған күнінен бастап бір ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

8. Алып тасталды - ҚР Президентінің 05.04.2017 № 456 Жарлығымен (қол қойылған күнінен бастап бір ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9. Алып тасталды - ҚР Президентінің 05.04.2017 № 456 Жарлығымен (қол қойылған күнінен бастап бір ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

10. Алып тасталды - ҚР Президентінің 05.04.2017 № 456 Жарлығымен (қол қойылған күнінен бастап бір ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2-тарау. Білімі бойынша талаптар

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 18.01.2021 № 495 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

11. Екінші санаттағы "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасу үшін білімі бойынша талаптарды Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу бойынша мемлекеттік лауазымға тағайындауға және лауазымнан босатуға құқығы бар адам бекітеді.

Екінші санаттағы "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдары үшін нақты салада кемінде он үш жыл практикалық жұмыс тәжірибесі болған кезде тиісті мамандық бойынша жоғары білімнің болуы талап етілмейді.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 17.03.2025 № 817 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

12. Алып тасталды - ҚР Президентінің 05.04.2017 № 456 Жарлығымен (қол қойылған күнінен бастап бір ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3-тарау. Жұмыс өтілі бойынша талаптар

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 18.01.2021 № 495 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

13. Жұмыс өтілі Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет өтілін және (немесе) мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардағы жұмыс өтілін қамтиды.

13-1. Президенттік жастар кадр резервіне қабылданған адамдардың функционалдық бағыттарға сәйкес салаларда білімі болса, онда болу мерзімі аяқталғаннан кейін олар соңғы атқарған "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына, сондай-ақ төмен тұрған лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарға сәйкес келеді.

Ескерту. 13-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Президентінің 17.03.2025 № 817 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

14. Бірінші санаттың лауазымдарына орналасу үшін:

1) кемінде жеті жыл жұмыс өтілі, оның ішінде Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімінде айқындалған мемлекеттік саяси лауазымдарда не "А" корпусының лауазымдарында, не Қазақстан Республикасы Парламенті депутатының мәртебесінде, не А-2, В-2, С-2, С-О-1 санаттарынан тәмен емес лауазымдарда, не орталық мемлекеттік органдардың департамент басшыларының орынбасарларынан тәмен емес лауазымдарда, не орталық мемлекеттік органдардың және олардың ведомстволарының облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы аумақтық органдары мен бөлімшелерінің басшыларынан тәмен емес лауазымдарда кемінде бір жыл мемлекеттік қызмет өтілі;

2) не кемінде алты жыл жұмыс өтілі, оның ішінде мемлекеттік тапсырыс негізінде мемлекеттік қызметшілерді даярлаудың және қайта даярлаудың мемлекеттік бағдарламалары бойынша немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтаған жағдайда, осы Арнайы біліктілік талаптарының 14-тармағының 1) тармақшасында санамаланған лауазымдарда кемінде алты ай жұмыс өтілі;

3) не кемінде жеті жыл жұмыс өтілі, оның ішінде ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың, ұлттық даму институттарының департамент директорларынан тәмен емес лауазымдарында кемінде үш жыл жұмыс өтілі;

4) не Президенттік жастар кадр резервіне алынған адамдар үшін кемінде бес жыл жұмыс өтілі талап етіледі.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 17.03.2025 № 817 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

15. Екінші санаттың лауазымдарына орналасу үшін:

1) кемінде бес жыл жұмыс өтілі, оның ішінде Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімінде айқындалған мемлекеттік саяси лауазымдарда не "А" корпусының лауазымдарында, не Қазақстан Республикасы Парламенті депутатының мәртебесінде, не А-2, В-2, С-2, С-О-2, D-2, D-О-1 санаттарынан тәмен емес лауазымдарда, не орталық мемлекеттік органдардың департамент басшыларының орынбасарларынан тәмен емес лауазымдарда, не орталық мемлекеттік органдардың және олардың ведомстволарының облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы аумақтық органдары мен бөлімшелері басшыларының орынбасарларынан тәмен емес лауазымдарда кемінде бір жыл мемлекеттік қызмет өтілі;

2) не кемінде төрт жыл жұмыс өтілі, оның ішінде мемлекеттік тапсырыс негізінде мемлекеттік қызметшілерді даярлаудың және қайта даярлаудың мемлекеттік бағдарламалары бойынша немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар

даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша окуды аяқтаған жағдайда, осы Арнайы біліктілік талаптарының 15-тармағының 1) тармақшасында санамаланған лауазымдарда кемінде алты ай жұмыс өтілі;

3) не кемінде бес жыл жұмыс өтілі, оның ішінде ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың, ұлттық даму институттарының орталық аппаратының департамент басшыларынан және еншілес ұйымдары басшыларының орынбасарларынан төмен емес лауазымдарда, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінде департамент басшыларының орынбасарларынан төмен емес лауазымдарда, не жылдық орташа штат саны кемінде елу адам болатын республикалық ұйымдардың немесе ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғалардың** басшыларынан төмен емес лауазымдарда кемінде екі жыл жұмыс өтілі;

4) не Президенттік жастар кадр резервіне алынған адамдар үшін кемінде бес жыл жұмыс өтілі талап етіледі.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 17.03.2025 № 817 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

15-1. Алып тасталды – ҚР Президентінің 05.06.2023 № 239 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

15-2. Алып тасталды - ҚР Президентінің 11.07.2019 № 58 Жарлығымен.

16. Алып тасталды - ҚР Президентінің 04.08.2018 № 723 Жарлығымен.

4-тaraу. Кәсіптік білімі, стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды білуі бойынша талаптар

Ескерту. 4-тaraудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 31.07.2024 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

17. "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасу үшін кандидаттарға кәсіптік білімі, стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды білуі бойынша талаптар қойылады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 31.07.2024 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

18. Кәсіптік білімінің болуын, стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды білуін Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Кадр саясаты жөніндегі ұлттық комиссия кандидаттармен әңгімелесу өткізу кезінде айқындейды.

19. Алып тасталды – ҚР Президентінің 31.07.2024 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

Ескертпе. **"А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасу үшін ірі қәсіпкерлік субъектілері туралы мәліметтердің кандидаттар тиісті салық органдарынан құжаттар ұсыну арқылы растайды.

Ескерту. Ескертпе жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 18.01.2021 № 495 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

5-тaraу. Құзыреттер бойынша талаптар

Ескерту. 5-тараумен толықтырылды – ҚР Президентінің 31.07.2024 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

20. "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасу үшін құзыреттердің болуы талап етіледі.

"А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасу үшін құзыреттердің тізбесін және оларды бағалау тәртібін мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган бекітеді.

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2015 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 151 Жарлығына
ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы Президентінің күші жойылған кейбір жарлықтарының тізбесі

1. "Мемлекеттік қызметтің кадр резерві туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 4 желтоқсандағы № 1243 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2003 ж., № 47, 524-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 7 мамырдағы № 1362 Жарлығының 1-тармағының 3) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2004 ж., № 21, 265-құжат).

3. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 3 тамыздағы № 1415 Жарлығының 1-тармағының 3) тармақшасы.

4. "Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 4 желтоқсандағы № 1243 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 5 қаңтардағы № 1695 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2006 ж., № 1, 1-құжат).

5. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 27 қарашадағы № 446 Жарлығының 1-тармағының 6) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2007 ж., № 43, 499-күжат).

6. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 576 Жарлығының 1-тармағының 13) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2008 ж., № 20, 182-күжат).

7. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 12 қарашадағы № 689 Жарлығының 1-тармағының 8) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2008 ж., № 42, 465-күжат).

8. "A" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметтің кадр резервіне іріктеу және "A" корпусының бос және уақытша бос мемлекеттік әкішілік лауазымына орналасуға конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 наурыздағы № 524 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2013 ж., № 19, 321-күжат).

9. "Мемлекеттік қызметтің кадр резерві туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 4 желтоқсандағы № 1243 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 наурыздағы № 525 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2013 ж., № 19, 322-күжат).

10. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 21 қарашадағы № 697 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 4-тармағы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2013 ж., № 68, 905-күжат).

11. "A" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын арнайы біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 10 желтоқсандағы № 708 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2013 ж., № 72, 944-күжат).

12. "Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік қызметтің кадр резерві туралы" 2003 жылғы 4 желтоқсандағы № 1243 және "Мемлекеттік қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы" 2013 жылғы 7 наурыздағы № 523 жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 28 шілдедегі № 869 Жарлығының 1-тармағының 1) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2014 ж., № 46-47, 460-күжат).

13. "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің кейбір мәселелері және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу

"туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 29 тамыздағы № 900 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 22-тармағы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2014 ж., № 54, 532-құжат).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК